



«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ

ЕРЕЖЕ



**МИКРОБІЛІКТІЛІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ
ЕРЕЖЕСІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАНУ ТӘРТІБІ**

№ 183

Атырау қ- 2023ж.

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: бірінші
	Микробіліктілік білім беру бағдарламаларын әзірлеу Ережесі және оларды тану тәртібі	14 беттің 2-беті

	Лауазымы	Аты-жөні	Қолы	Күні
Әзірлеген	Академиялық сапаны қамтамасыз ету және арттыру және ББ дамыту кеңсесінің жетекшісі	Ж.У.Сулейменова		18.05.23
Келісілді	Академиялық мәселелер жөніндегі проректор	А.Е. Чукуров		22.05.2023
	Вице-проректор (цифрлық офицер)	К.М. Утепкалиева		19.05.23
	Заң кеңесшісі	К.С. Куанов		22.05.2023
	Сапа мониторингі кеңсесінің жетекшісі	Ж.Т. Кайшигулова		18.05.2023

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: бірінші
	Микробіліктілік білім беру бағдарламаларын әзірлеу Ережесі және оларды тану тәртібі	13 беттің 3-беті

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	4
2	Терминдер мен анықтамалар	4
3	Микробіліктілік бағдарламаларын әзірлеу.....	5
4	Микробіліктілік бағдарламасын іске асыру	6
5	Микробіліктілік бағдарламасының оқыту нәтижелерін тану тәртібі.....	6
6	Құқықтар мен жауапкершілік.....	7
7	Жауапкершілік.....	7
8	Танысу парағы.....	8
9	Өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағы	9
	Қосымша 1.....	10
	Қосымша 2	11

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: бірінші
	Микробіліктілік білім беру бағдарламаларын әзірлеу Ережесі және оларды тану тәртібі	14 беттің 4-беті

1 Жалпы ережелер

- 1.1 Микробіліктілік білім беру бағдарламаларын (бұдан әрі - ББ) әзірлеу жөніндегі Ереже және оларды тану тәртібі (бұдан әрі - Ереже) Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде (бұдан әрі - Университет) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 шілдедегі № 471 қаулысымен бекітілген «Өмір бойы оқыту тұжырымдамасына» сәйкес әзірленді.
- 1.2 Микробіліктіліктер білім алушыларға әлеуметтік, жеке, мәдени немесе еңбек нарығының қажеттіліктеріне жауап беретін нақты білім, дағдылар мен құзыреттерді беруге арналған.
- 1.3 Микробіліктілік бағдарламасының негізгі мақсаттары: 1) жаңа дағдыларды қалыптастыру; 2) тұлғаның кәсіби дамуы; 3) жеке тұлғаның білім алу мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін әлеуметтік қолдау болып табылады.
- 1.4 Микробіліктілік бағдарламаларының негізгі сипаттамалары:
 - микробіліктілік әкелетін оқу сабақтарының шектеулі ұзақтығы (әдетте бір курстан көп, бірақ толық дәрежеден аз);
 - еңбек нарығында сұранысқа ие жұмысқа орналасуға ықпал ететін нақты білім, дағдылар мен құзыреттерді алу мүмкіндігі;
 - қысқа мерзімде игерілетін жеке және талап етілетін дағдылар мен құзыреттерді(қайта оқыту) дамыту;
 - қысқа мерзімде икемді және ыңғайлы тәсілмен дағдыларды игеру мүмкіндіктерін жасау арқылы өмір бойы оқытуды іске асыру;
 - қосымша біліктілік дағдыларын беретін дербес, оқшау бірліктер де, сондықтан да толық дәреже бағдарламасына енгізілген модульдер де әрекет ете алады;
 - ұлттық біліктілік жүйесі шеңберінде және әртүрлі бағыттарда сатылас және деңгейлес жаңа және(немесе) қосымша білім, дағдылар мен құзыреттерді ұсынады;
 - микробіліктіліктің жекелеген кәсіптік курстары неғұрлым кешенді дағдылар мен құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін, сондай-ақ толық біліктілікті және (немесе дәрежені) алғанға дейін қатарластырыла негізделуі мүмкін.
- 1.5 Микробіліктілік бағдарламалары білім беру деңгейлері бойынша ББ оқу жоспарының пәндерінен/модульдерінен тиісті микробіліктілік беру туралы құжатты беру жолымен және оның негізінде еңбек функцияларын жүзеге асыру мүмкіндігімен, сондай-ақ тиісті сертификаттау кезінде өзінің аяқталуымен ерекшеленеді.
- 1.6 Микробіліктілік бағдарламаларының айрықша ерекше белгісі - оларды аяқтағаннан кейін жұмысқа орналасу немесе қызметтік мансабында сатылас та, деңгейлес те жоғарылау мүмкіндігімен көрсетілген оқшауланғандығы.

2 Терминдер мен анықтамалар

Ережеде келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

- 1) микробіліктілік - жекелеген еңбек функцияларын орындауға мүмкіндік беретін қысқа оқу кезеңі аяқталғаннан кейін алынған білім, дағдылар мен құзыреттер жиынтығы;
- 2) микробіліктілік бағдарламасы - оқытудың мақсаттарын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру үдерісін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдерін, нысандары мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын қысқа мерзімді оқытудың негізгі сипаттамаларының кешені;
- 3) микробіліктілікті оқыту нәтижелері - бағдарламаны игеру аяқталғаннан кейін білім алушыларға көрсетілетін бір еңбек функциясына қатысты алған білімдерінің, дағдылары мен құзыреттерінің бағалаумен расталған көлемі;

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: бірінші
	Микробіліктілік білім беру бағдарламаларын әзірлеу Ережесі және оларды тану тәртібі	14 беттің 5-беті

4) жинақталатын дәрежелер (Stackable degree (Stackable degree)) - әртүрлі салалардан немесе кәсіби қызметтің аяларынан ресми және бейресми білім беру арқылы алынған дағдылар мен құзыреттер жиынтығы;

5) трансферттің (аударымның) және кредиттерді жинақтаудың Еуропалық жүйесі – ECTS (еситиэс)) – студент шетелде алған кредиттерді өз білім беру ұйымына оралғаннан кейін олардың дәрежесін алу үшін есептелетін кредиттерге аудару, сондай-ақ ББ шеңберінде кредиттерді жинақтау тәсілі;

6) оқыту нәтижелерін тану – білім беру тәжірибесі, құзыреттер мен білімдер жиынтығы нәтижелерінің деңгейін растауды рәсімдеу үдерісі;

7) кредиттерді қайта есептеу – білім алушының дипломының транскриптіне/қосымшасына біліктіліктер мен ол бойынша алынған бағаны енгізе отырып, ресми білім беру жүйесінде, сондай-ақ қазіргі уақытта бекітілген және қолданыста болатын ББ біліктіліктеріне микробіліктілік бағдарламаларында берілген біліктіліктің баламалылығын тану рәсімі;

8) сертификаттау – кәсіптік стандарттарда/еңбек нарығында айқындалған нақты еңбек функцияларының талаптарына сәйкестігін белгілеу арқылы қысқа мерзімді оқыту және кәсіптік қызмет үдерісінде алынған білімді, дағдылар мен құзыреттерді растау рәсімі.

3 Микробіліктілік бағдарламаларын әзірлеу

3.1 Микро біліктілік бағдарламаларын академиялық комитет жұмыс берушілердің қатысуымен бірлесіп әзірлейді. Одан әрі оқу-әдістемелік кеңестің отырысында қаралады және келісіледі, Ғылыми кеңестің шешімі негізінде университеттің Басқарма Төрағасы-ректоры бекітеді.

3.2 Микро біліктілік бағдарламалары төмендегілер арқылы қолданылады:
- оқыту нәтижелеріне сәйкес болған кезде ББ оқу жоспарларына енгізу. Бұл жағдайда микробіліктілік бағдарламалары базалық және бейіндік пәндер цикліне немесе оқытудың қосымша түрлеріне енгізілуі мүмкін;
- басқа ұйымдарда оларды тану жолымен алынған бағдарламаның оқыту нәтижелерін қайта есептеу.

3.3 Мазмұнына байланысты бір немесе бірнеше микробіліктілік бағдарламаларын қосуға болады. Бұл жағдайда олар бір немесе бірнеше модуль болуы мүмкін.

3.4 Микробіліктілік бағдарламасының құрылымдық элементтері: атауы, мақсаты, берілген микробіліктілік, мазмұны (оқу-тақырыптық жоспары), еңбек сыйымдылығы (кредиттерде/сағатта), оқыту және оқыту әдістері, бағалау жүйесі және бақылау-өлшеу материалдары болып табылады.

3.5 Микробіліктілік бағдарламасы еңбек сыйымдылығына байланысты бірнеше пәндерден (курстар, модульдер) тұруы мүмкін.

3.6 Микробіліктілік бағдарламаларының көлемі академиялық кредиттер мен академиялық сағаттарда өлшенеді.

3.7 Микробіліктілік бағдарламасы бірнеше курстарды қамтуы мүмкін, олардың жалпы көлемі 5 (бес) - тен 30 (отыз) академиялық кредитке дейін.

3.8 Микробіліктілік бағдарламаларын оқыту нәтижелері Ұлттық біліктілік шеңберінің дескрипторларына негізделеді. Оқыту нәтижелері кәсіптік стандарттардың талаптарына (олар болған жағдайда) немесе жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес келетін еңбек функциясын орындау үшін қажетті құзыреттерге байланысты қалыптастырылады.

3.9 Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістері мен құралдарын жобалау кезінде:

1) нақты критерийлерге негізделген өлшенетін бағалау әдістерін қолдану;

2) бағалау әдістерін оқытушы бағалап отырған нәтижелерімен келістің қажет.

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: бірінші
	Микробіліктілік білім беру бағдарламаларын әзірлеу Ережесі және оларды тану тәртібі	14 беттің 6-беті

3.10 Микробіліктілік оқу бағдарламасының құрылымы келесі бөлімдерді қамтиды (2-қосымша):

- Титулдық парағы-білім беру ұйымы туралы мәліметтер, микробіліктіліктің атауы, келісу және бекіту туралы деректер көрсетіледі;
- Микробіліктілік бағдарламасын қарау және келісу парағы;
- Микробіліктілікті игеру бойынша курстың жалпы сипаттамасы – бағдарлама туралы қысқаша маңызды ақпаратты қамтиды: бағдарламаның мақсаты, кім үшін (тыңдаушыларға қойылатын талаптар), бағдарламаны әзірлеудің нормативтік-құқықтық негіздері туралы мәліметтер (кәсіптік стандарт); оқу үдерісінің форматы, оқытудың қалай өтетіні, микрোকвалификация бағдарламасының оқыту нәтижелері;
- Микробіліктілікті игеру курсының оқу бағдарламасының мазмұны-модульдердің/тақырыптардың және олардың негізгі бөлімдерінің атауы, кредиттердің/сағаттардың жалпы көлемі, қорытынды аттестаттау туралы ақпаратты қамтиды.

3.11 Микробіліктілік бағдарламасы мазмұнының сапасын қамтамасыз ету үшін оны ішкі және сыртқы бағалау жүзеге асырылады.

3.12 Микробіліктілік бағдарламалары университеттің ресми сайтында орналастырылады.

4 Микробіліктілік бағдарламасын іске асыру

4.1 Университет микробіліктілік бағдарламаларын жүзеге асырады:

- өз білім алушылары үшін;
- басқа білім беру ұйымдарының білім алушылары үшін;
- бөгде ұйымдардың қызметкерлері үшін (келісім шарт бойынша);
- әскери қызметшілер үшін.

4.2 Бұл жерде микробіліктілікті алу (микробіліктілік бағдарламаларын игеру) өз еркі мен таңдау негізінде құрылады.

4.3 Микробіліктілік бағдарламасын қолданыстағы негізгі ББ-ға енгізу кезінде Университет ББ-ның басқа пәндерімен қатар ұйымдастырушылық жағдайларды қамтамасыз етеді: кестеге енгізу, ағымдағы бақылауды, аралық аттестаттауды ұйымдастыру және т. б.)

4.4 Микробіліктілік бағдарламалары бойынша оқыту күндізгі және (немесе) қашықтықтан оқыту, онлайн-оқыту түрінде жүзеге асырылады.

4.5 Микробіліктілік бағдарламаларын игеру қорытынды аттестаттаумен және оны сәтті аяқтаған білім алушыларға микробіліктілік берумен аяқталады.

4.6 Микробіліктілік беру мақсатында білім алушылардың оқыту нәтижелерін бағалау рәсімін жүргізу үшін Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығымен біліктілік комиссиясы құрылады.

4.7 Микробіліктілік бағдарламасының оқу нәтижесін(нәтижелерін) растайтын құжат сағат және/немесе кредиттерде оқытылған курстың көлемін көрсете отырып, оқуды аяқтау туралы сертификат болып табылады (1-қосымша).

4.8 ББ оқу жоспарына енгізілген микробіліктілік бағдарламасы бойынша қорытынды баға қосымшаға, ал құзыреттер дипломға жалпыеуропалық қосымшаға енгізіледі.

5 Микробіліктілік бағдарламасының оқыту нәтижелерін тану тәртібі

5.1 Микробіліктілік бағдарламаларын оқыту нәтижелерін тану рәсімі ресми, сондай-ақ бейресми және ақпараттық білім беру нәтижелерін тануды көздейді.

5.2 Микробіліктілік бағдарламаларын оқыту нәтижесін (нәтижелерін) тануды университет Басқарма төрағасы – ректорының бұйрығымен құрылған бейресми білім беру нәтижелерін тану жөніндегі комиссия жүзеге асырады.

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: бірінші
	Микробіліктілік білім беру бағдарламаларын әзірлеу Ережесі және оларды тану тәртібі	14 беттің 7-беті

- 5.3 Басқа білім беру ұйымдарында, ЖАОК таныған платформаларда, оның ішінде Coursera, eDX, Стенфорд-онлайн курстарында және өзге де ресми түрде бағытталған провайдерлерде білім алушылар игерген микробіліктілік бағдарламаларын оқыту нәтижелері танылады. Сертификат микробіліктілік бағдарламасының игерілгенін растайтын құжат болып табылады.
- 5.4 Микробіліктілік бағдарламаларын оқыту нәтижесін(нәтижелерін) тану үшін тұлға комиссияға мынадай құжаттарды береді:
- 1) микробіліктілік бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелерін тану туралы еркін нысандағы өтініш;
 - 2) жеке куәліктің көшірмесі;
 - 3) микробіліктілік бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелерін растайтын құжат (сертификат).
- 5.5 Комиссия құжаттарды тексереді және білім, дағдылар мен құзыреттілік деңгейін анықтау үшін сұхбат жүргізеді. Әңгімелесу қорытындысы бойынша комиссия оқу нәтижелерін тану немесе танудан бас тарту туралы шешім қабылдайды. Комиссияның шешімі отырысқа қатысушылардың жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады және хаттамамен рәсімделеді.
- 5.6 Комиссия хаттамасынан үзінді көшірме игерілген курстар туралы не тиісті оқу пәндері бойынша академиялық кредиттерді білім алушының транскриптіне қайта есептеу туралы мәліметтерді енгізу үшін тіркеу кеңсесіне беріледі.

6 Құқықтар мен жауапкершілік

Құқығы бар:

- 6.1 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу тек Академиялық мәселелер жөніндегі проректор рұқсаты бойынша жүзеге асырылады және оған қол қойылып құжаттармен рәсімделеді. Түпнұсқаға және ескерілген жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтыруларды енгізу Ережелерді әзірлеу тәртібі туралы ереженің талаптарына сәйкес жүргізіледі.
- 6.2 Түпнұсқаға және есептік жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізгені үшін құрылымдық бөлімшелердің жетекшілері жауапты болады.
- 6.3 Мерзімді түрде, қажет болған жағдайда, ережелер ҚБЖ-мен қайта қаралады. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін негіз болуы мүмкін:
- заң күші бар нормативтік-құқықтық актілерге жаңадан енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
 - Басқарма Төрағасы-ректордың бұйрықтары;
 - құрылымдық бөлімшелер арасында міндеттерді қайта бөлу;
 - құрылымдық бөлімшелерді қайта ұйымдастыру;
 - Академиялық мәселелер жөніндегі проректордың рұқсатымен өзгерістер енгізу себебін көрсете отырып, ҚБЖ қызметтік жазбасы.
- 6.4 Ұйымның немесе құрылымдық бөлімшенің атауы өзгерген кезде ережені ауыстырған жөн.
- 6.5 Ауыстырған жағдайда университетте күші жойылған Ереженің барлық даналары алынып, жаңаларына ауыстырылуы тиіс.

7 Жауапкершілік:

- 7.1 Ережені Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің және ИСО 9001:2015 талаптарына сәйкес келісуді СМК жүзеге асырады.
- 7.2 Ереженің есепке алынған жұмыс даналарын жіберуді СМК жүзеге асырады.
- 7.3 Бөлімшеде Ереженің есепке алынған жұмыс данасын сақтауға ҚБЖ жауапты болады.



Басылым: бірінші

14 беттің 8-беті

Танысу парағы

[illegible]

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: бірінші
	Микробіліктілік білім беру бағдарламаларын әзірлеу Ережесі және оларды тану тәртібі	14 беттің 10-беті

Қосымша 1

Сертификат формасы

СЕРТИФИКАТ

№ _____

Осы сертификат 20____жылдың «____» _____ 20____жылдың «____» _____
аралығында _____

(тегі, есімі, әкесінің есімі)

_____микробіліктілік бағдарламасы бойынша
_____академиялық сағат, _____академиялық кредиттер көлемінде оқуын табысты аяқтап,
_____микробіліктік бағдарламасы берілгенін
куәландырады.

Жетекші _____
(қолы) (тегі, есімі, әкесінің есімі)

Тіркеу №____

Берілген уақыты: «____» _____ 20__ж.

МО

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: бірінші
	Микробіліктілік білім беру бағдарламаларын әзірлеу Ережесі және оларды тану тәртібі	14 беттің 11-беті

Қосымша 2

Микробіліктілік бойынша курс оқу бағдарламасының ұсынылатын формасы

«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ



«Келісілді»

Кәсіпорын басшысы

(Қолы) (ТЕӨе)

«__» _____ 20__ ж.

«Бекітемін»

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
университетінің басқарма Төрағасы -
Ректор

_____ С.Идрисов

«__» _____ 20__ ж.

МИКРОБІЛІКТІЛІКТІ ИГЕРУ БОЙЫНША КУРС БАҒДАРЛАМАСЫ

(микробіліктіліктің атауы)

Сағаттардың жалпы көлемі _____, академиялық кредиттер _____

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: бірінші
	Микробіліктілік білім беру бағдарламаларын әзірлеу Ережесі және оларды тану тәртібі	14 беттің 12-беті

_____ факультетінің Академиялық комитетімен ұсынылған.

«__» _____ 20__ ж., хаттама №__.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Оқу-әдістемелік кеңесімен ұсынылған және келісілген.

«__» _____ 20__ ж., хаттама №__.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Ғылыми кеңесінің мәжілісінде бекітілген.

«__» _____ 20__ ж., хаттама №__.

Әзірлеуші авторлар:

№	ТЕӘе	Қолы	Лауазымы	Жұмыс орны
1.				
2.				
3.				

«Келісілді»: сарапшылар

№	ТЕӘе	Қолы	Лауазымы	Жұмыс орны
1.				
2.				

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: бірінші
	Микробіліктілік білім беру бағдарламаларын әзірлеу Ережесі және оларды тану тәртібі	13 беттің 13-беті

Микробіліктілікті игеру бойынша курстың жалпы сипаттамасы

Бағдарламаның сипаттамасы	
СБШ бойынша деңгей	
ҰБШ бойынша деңгей	
Кәсіптік стандарт	
Серіктес бағдарламасы	
Бағдарламасы	
Оқыту нәтижелері	
Оқыту форматы	
Педагогтың(тардың) байланыс ақпараты	

Микробіліктілік бағдарламасы бойынша курстың оқу бағдарламасының мазмұны

№	Пән атаулары және олардың негізгі бөлімдері	Кредиттер	Аудитория-лық сағат	Оқыту нәтижесі

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: бірінші
	Микробіліктілік білім беру бағдарламаларын әзірлеу Ережесі және оларды тану тәртібі	14 беттің 14-беті